

# Станция Мини 3

Бұл нұсқаулықта тек ең негізгілері берілген. Толық ақпаратты Анықтамадан таба аласыз. Ол үшін QR кодын сканерлеңіз.



## Қалай қосу керек

- 1 Құрылғыны қуат көзіне жалғап, оның жүктелгенін күтіңіз.
- 2 «Дом с Алисой» немесе «Яндекс — с Алисой» қолданбасын ашыңыз.
- 3 Қолданбада Алиса белгішесін басып, былай деңіз:

### —Бағанды ретте


Сосын сыбырсөздерді орындаңыз.

Бірдеңе дұрыс болмаса, Анықтаманы қараңыз:

[alice.yandex.kz/support/kk/station-mini3](https://alice.yandex.kz/support/kk/station-mini3)



Дом с Алисой қолданбасын жүктеп алу  
[ya.cc/iot\\_app](https://ya.cc/iot_app)



**Дыбыс деңгейін басқаруға арналған сенсорлық түймелер**

**Микрофондарды өшіру түймесі**

микрофондарды өшіру үшін осы түймені басыңыз. Олардың жұмысы аппараттық деңгейде тоқтатылады. Станция Мини физикалық түрде ешқандай дыбыс қабылдамайды. Микрофондарды қайта қосу үшін осы түймені қайта басыңыз.

**Қуат жалғағышы: USB Type-C®**

### **Баптауларды бастапқы күйіне қалай қоюға болады**

- 1 Құрылғыдан қуат адаптерін ажыратыңыз.
- 2 Микрофондарды өшіру түймесін басып тұрып, қуат адаптерін құрылғыға қайта жалғаңыз.
- 3 Жарық сақинасы сары түспен жанбайынша, микрофондарды өшіру түймесін басып тұрыңыз.
- 4 Алисаның сәлемдесуінен кейін, құрылғыны Wi-Fi® арқылы интернетке қосыңыз.

### Техникалық сипаттамалары

Үйге арналған мультимедиялық платформа  
«Яндекс Станция» (маркетингтік атауы —  
Яндекс Станция Мини 3)

Модель  
YNDX-00027

Ауқымы (диаметрі × биіктігі)  
102 × 60,5 мм

Таза салмағы  
326 г

Сымсыз байланыс  
Wi-Fi® 802.11 b/g/n/ac (2,4 и 5 ГГц)

Динамиктер  
1 кеңжақты динамик — 44,5 мм

Акустикалық қуаты  
12 Вт

Ұдайы қалпына келтірілетін жиілік диапазоны  
110–16 000 Гц

Микрофондар  
3 дана

Қуат беру  
USB Type-C® ұясымен 12 В  $\equiv$  2 А

### Адаптер питания

Модель  
Y24-S2CP

Кіріс сипаттамалары  
Номиналды кернеу 100–240 В~  
Номиналды жиілік 50–60 Гц  
Максималды тоқ 100 В кезінде 0,7 А

Шығыс сипаттамалары  
Кернеу/номеиналды ток  
5 В  $\equiv$  3 А, 9 В  $\equiv$  2,22 А, 12 В  $\equiv$  2 А  
USB PD стандартына қолдау көрсетеді

Қорғаныс класы  
II



## **Қораптың құрамы**

Яндекс Станция Мини 3, қуат адаптері мен кабелі, нұсқаулықтар.

## **Кепілдік: 1 жыл**

Қызмет ету мерзімі: 2 жыл. Құрылғы осы нұсқаулық бойынша пайдаланылған жағдайда, өндіруші өндірістік ақаулардың және материалдарда ақаулардың болмайтынына кепілдік береді.

Өндіруші мақсатына сай пайдаланбау немесе осы нұсқаулықта орнатылған талаптарды бұзып пайдалану салдарынан пайда болған зақым үшін жауап бермейді. Ақау шыққан жағдайда, сервис орталығына хабарласыңыз.

## **Қауіпсіздік шаралары**

Станция Мини бағанасына және қуат адаптеріне ылғал түсірмеңіз. Оларды дымқыл қолмен ұстамаңыз және Станция Мини бағанасын ылғалдығы жоғары жерлерде (мысалы, жуынатын бөлмеде немесе асүйдегі шұңғылша жанында) пайдаланбаңыз.

Станция Мини бағанасын және қуат адаптерін тікелей күн сәулесі түсетін жерде, ашық от көздерінің, жылыту құралдарының немесе қысқа толқынды пештердің жанында қалдырмаңыз.

Станция Мини бағанасын және қуат адаптерін бөлшектемеңіз. Техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары тек сервис орталықтарында жасалуы тиіс.

Үйіңізде жерге тұйықтау мүмкіндігі болмаса, найзағай жақындаған кезде, сондай-ақ құрылғы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын болғанда, Станция Мини бағанасын электр желісінен ажыратыңыз. Бұл құрылғыны найзағай разрядтарынан және желідегі кернеудің ауытқуларынан қорғауға көмектеседі.

Электр желісіне қосылған Станция Мини бағанасын қараусыз қалдырмаңыз. Құрылғымен бірге жинаққа кіретін қуат адаптерін ғана пайдаланыңыз.

Қуат адаптері кабелінің сынуына жол бермеңіз.

Станция Мини бағанасының немесе қуат адаптерінің қандай да бір бөлігі зақымдалса, істен шықса, құрылғыдан түтін, әдеттен тыс шу немесе иіс шықса, Станция Мини бағанасын дереу розеткадан ажыратып, қолдау қызметіне немесе сервис орталығына хабарласыңыз.

Станция Мини бағанасын және қуат адаптерін балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Балаларға Станция Мини бағанасын ересек адамдардың қарауынсыз пайдалануға тыйым салыңыз. Станция Мини бағанасын және қуат адаптерін тек ересек адамдар қосып-өшіруі тиіс.

Станция Мини мен жеткізілім жиынтығындағы қуат адаптері мақсатына сай және осы нұсқауға сәйкес пайдаланылғанда қауіпсіз болады.

### **Пайдалану шарттары**

Құрылғы қауіпті және зиянды факторлардың әсері жоқ тұрғынжайларда тек тұрмыстық мақсатта пайдалануға арналған. Құрылғыны осы нұсқауларға сәйкес қосу және реттеу керек.

Мини Станциясы мен қуат көзі адаптері +10 °C до +35 °C-қа дейін 20-дан 80 %-ға дейінгі температурада жұмыс істеуге арналған. –10 және +35 °C аралығындағы температурада, салыстырмалы ылғалдығы 95 %-дан аспайтын тұрғынжайда зауыт-тық қаптамасында ғана сақтауға болады.

Кез келген көлікпен және кез келген қашықтыққа тасымалдауға болады. Тасымалдау кезінде құрылғының барлық бөлігі зауыттық қаптамада болуы керек.

Станция Мини мен қуат адаптері су өткізбейтін және шаңнан толықтай қорғалған құрылғылар емес, сондай-ақ құлаудан және соққылардан қорғаныс қамтамасыз етілмеген.

Құрылғыдағы бағдарламалық жасақтама автоматты түрде жаңартылады. Ол жаңартылмайынша, құрылғыны қуат көзі желісі мен Инетрнет желісінен өшірмеңіз.

### **Сертификаттау**

«Яндекс Станция» (маркетингтік атауы — Яндекс Станция Мини 3) мультимедиялық платформасы, YNDX-00027 моделі.

КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр-магниттік үйлесімділігі», КО ТР 004/2011 «Төмен вольтті жабдықтар қауіпсіздігі туралы», ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламенттерге сәйкес. Сертификаттар мен декларацияларға сілтеме: [alice.yandex.kz/support/kk/station-mini3](https://alice.yandex.kz/support/kk/station-mini3)

**Өндіруші:** Yandex Information Technology (Shanghai) Co., Ltd., WeWork 327, 135 Yanping Road, Jing'an District, 200042 Shanghai, China. «Информационно-технологическая компания «Яндекс» ЖШҚ (Шанхай), Яньпин-роуд, 135, WeWork, 327-кеңсе, Цзиньнань ауданы, Шанхай, Қытай, 200042.

**Импорттаушы:** «Лаборатория Алисы» ЖШҚ, Лев Толстой к-сі, 16, Мәскеу, 119021, Ресей.

**Шығарылған күні:** қаптамада көрсетілген.

Қытайда шығарылған.



## Утилизация

Құрылғыны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайды. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін, оны электрониканы утилизациялау пунктіне тапсырыңыз.



## Зияткерлік меншік туралы мәліметтер

Барлық аталған атаулар, логотиптер және тауар белгілері олардың иелеріне тиесілі тіркелген тауар белгілері болып табылады. Apple және Apple логотипі Apple Inc. компаниясының АҚШ және басқа елдерде тіркелген тауар белгісі болып табылады. Google Play логотипі мен Google Play — Google LLC корпорациясының сауда белгілері. Wi-Fi® және Wi-Fi логотипі — Wi-Fi Alliance компаниясының сауда белгілері. USB Type-C® және USB Type-C логотипі USB Implementers Forum-ның тауар белгісі болып табылады.

Құрылғы Дом с Алисой мобильдік қолданбасы арқылы реттеледі. Қолданбаны пайдалана отырып, [yandex.ru/legal/smarthome\\_mobile\\_agreement/](https://yandex.ru/legal/smarthome_mobile_agreement/) сайтындағы шарттарға келісесіз.

Станцияның бағдарламалық жасақтамасы келесі шарттар негізінде ұсынылады: [yandex.ru/legal/station\\_license/](https://yandex.ru/legal/station_license/)

Құрылғыны Алиса дауыстық көмекшісі немесе Дом с Алисой мобильдік қолданбасы арқылы басқаруға болады. Дауыстық көмекшіні пайдалана отырып, [yandex.ru/legal/alice\\_termsofuse/](https://yandex.ru/legal/alice_termsofuse/) сайтындағы шарттарға келісесіз.



Қолдау қызметінің чаты

8 800 600-78-11

Мәскеу уақыты бойынша күн сайын сағ.  
07:00 бастап 00:00 дейін (Ресей аумағында  
қоңырау шалу тегін)

«ЯНДЕКС» ЖШҚ, 2024. «Яндекс», Яндекс және Алиса логотиптері — «ЯНДЕКС» ЖШҚ компаниясының Ресейде және басқа елдерде тіркелген тауар белгілері.